

**Ұйымның интернет-ресурсында және (немесе) мобильді қосымшасында орналастырылатын ақпарат**

Заемшы жеке тұлға болған жағдайда, ол микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес ұйымға баруға және (немесе) жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы, және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілмен Шарт шарттарына өзгерістер енгізу туралы өзінің өтінішіне негіз болатын Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш беруге құқылы.

Бұл ретте Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген заемшы – жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін он бес күнтізбелік күн ішінде ұйым заемшы – жеке тұлға ұсынған Шарт шарттарына өзгерістерді қарастырады және микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы заемшыға:

1. Шарт шарттарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;
2. Шарт шарттарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныс туралы;
3. Мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт шарттарын өзгертуден бас тартатыны туралы жазбаша хабарлайды.

*7-қосымшаның үшінші бөлігі 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қаулының 5-тармағының редакциясында қолданысқа енгізіледі.*

Ұйымның Шарт шарттарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған жағдайда екі Шарт шарттарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде, заемшы – жеке тұлға мұндай шешімді алған күннен бастап үш ай ішінде микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Заемшы ұйымның Шарт бойынша төлемдерді, соның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаған, сондай-ақ заемшы – жеке тұлға Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарын іске асырмаған не Заңның 9-2-бабының 5-тармағына сәйкес заемшы – жеке тұлға мен ұйым арасында Шарт шарттарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, ұйым заемшыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге (ұйымның Шартта мұндай құқығы болған жағдайда), Шарт бойынша құқықты (талапты) Заңның 9-1-бабының 5-тармағында көрсетілген тұлғаға жол беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге қойылған мүлікке соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуды бағыттауға құқылы.

Ұйым Заңның 9-2-бабының 2-тармағының 1-1) және (немесе) 2) бөлікшелерінде көзделген Шарт шарттарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті:

1. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын;

2. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар салдарынан зардап шеккен заемшы – жеке тұлға берген кезде кемінде үш ай мерзімге Шарт шарттарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды.

Заңның 9-2-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінің 1) бөлікшесінде көрсетілген заемшы – жеке тұлғамен жасалған Шарт шарттарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім заемшы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген заемшының орташа айлық кірісі заемшы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген заемшының орташа айлық кірісімен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады.